

«САМУРЫҚ-ҚАЗЫНА» АҚ ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК САЛАСЫНДАҒЫ САЯСАТЫ

«Самұрық-Қазына» АҚ және оның портфельдік компаниялары (бұдан әрі – Қор) қызметкерлердің өмірі мен денсаулығын, тәуекелдердің (қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың) алдын алуды, өндірістік қауіпсіздік (бұдан әрі – ӨҚ) саласындағы тиімді басқаруды өзінің негізгі басымдықтары деп санайды және өзіне төмендегі міндеттемелерді алады:

1. Қазақстан Республикасы заңнамасының, ұлттық және халықаралық стандарттардың, ішкі құжаттардың ӨҚ саласындағы талаптарын сақтау.
2. Салауатты әрі қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету және жұмыс орындарындағы тәуекелдерді тиімді басқару.
3. Қордың барлық деңгейлеріндегі басшылары тарапынан көшбасшылық пен жауапкершілік арқылы еңбек қауіпсіздігі мәдениетін арттыру.
4. Тәуекелдер мен қауіптерді бағалауға негізделген ӨҚ басқарудың жүйелік тәсілін қолдану.
5. Қор қызметкерлерінің ӨҚ саласындағы құзыретін арттыру және тұрақты оқыту жүргізу.
6. Өндірістік процестердің қауіпсіздігін, өндірістік активтердің тұтастығы мен сенімділігін қамтамасыз ету бойынша озық салалық стандарттар мен тәжірибелерді енгізу.
7. Қауіпті өндірістік объектілерде қызметін жүзеге асыратын ӨҚ саласындағы мердігерлік (қосалқы мердігерлік) ұйымдарды тиімді басқару, оқыту, бақылау.
8. Қор ішінде, сонымен қатар мердігерлік ұйымдар мен мүдделі тараптар арасында ӨҚ саласындағы үздік практика мен тәжірибені көтермелеу, дамыту және қолдану.
9. Төтенше және дағдарыстық жағдайларда жедел әрі тиімді әрекет ету жүйелерін енгізу.
10. Барлық мүдделі тараптармен ӨҚ мәселелері бойынша ашық диалог жүргізу және ұзақ мерзімді ынтымақтастық қалыптастыру.
11. Қордың ӨҚ саласындағы қызметі туралы ақпараттың айқындығын, ашықтығын және дұрыстығын қамтамасыз ету.
12. ӨҚ саласындағы басқару жүйесіне оны жақсарту әрі үнемі жетілдіру үшін талдау және бағалау жүргізу.

Қордың ӨҚ саласындағы басым мақсаты дербес қауіпсіздік пен апатсыз өндірісті қамтамасыз ету, ашықтық пен қауіпсіздік мәдениетінің деңгейін арттыру, сондай-ақ ӨҚ саласындағы үздік салалық әлемдік тәжірибелерді енгізу арқылы «нөлдік жарақаттануға» қол жеткізу болып табылады.

Қор ӨҚ саласында тәуекелдерді басқару процестеріне тартылған барлық қызметкерлерге қолдау көрсетеді және қызметкерлердің өмірі мен денсаулығына не қоршаған ортаға негізді түрде қауіп төндіретін ықтимал қауіпті жағдай туындаған кезде қызметкерлерге жұмыстан бас тартуға немесе тоқтатуға заңды құқығына кепілдік береді.

Осы Саясатта көрсетілген міндеттемелер ӨҚ саласындағы мақсаттарды белгілеу үшін негіз болып табылады және Қордың портфельдік компанияларына, мердігерлік ұйымдарға және қызмет көрсетушілерге қолданылады және Қордың серіктестермен іскерлік қарым-қатынастар жасау жүйесіне енгізіледі.